



Автор: Калиева Гулдана Жумабаевна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы

Тақырып: Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	T/A4.Негізгі ойды анықтау. Мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар • шығарманың негізгі ойын анықтайды; Көптеген оқушылар • шығарманың негізгі ойын ашатын мысалдарды келтіреді(ол үшін шығарма мазмұнына детальді үңілуі тиіс); Кейбір оқушылар • сабақ барысында талданған ақпараттарды мысал ретінде қолдана отырып, сөйлеушінің дауыс ырғағы, сөйлеу мәнері мен шығарманың негізгі ойын байланыстыра алады;
Тілдік мақсаттар:	Пән лексикасы және терминология: Қашаған - мойнына құрық салдырмайтын, бұғалықтан қашып әккі болып алған жылқы. Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: «Тіл жоқ деуге бола ма, Тілден анық үн барда» «Домбыраның күші мол, Көмейінде күй барда»
Бағалау критерийлері:	• шығарманың негізгі ойын анықтайды, сөйлеушінің дауыс ырғағы, сөйлеу мәнері мен негізгі ойын байланыстырады; • әдеби көркемдегіш тәсілдерді ажырата алады
Құндылықтарды дарыту:	Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет: әлеуметтік бейімдеушілікті және салауатты өмір салтын ұстануды білдіреді. Өз мәдениеті мен тіліне құрмет сияқты, басқа да мәдениеттер мен тілдерге, құқықтарға, адамгершілік пен пікірлердің әртүрлілігіне құрметті қамтиды.
Пәнаралық байланыс:	Тарих, этнопедагогика
Бастапқы білім:	Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин)	Ұйымдастыру бөлімі. Тыңдалымалды тапсырма. Сыныпқа М.Әуелбекованың орындауындағы «Домбыра туралы баллада» әні тыңдауға ұсынылады. Оқушылар тыңдай отырып, ән мазмұны бойынша нақты ақпараттық сөйлемдер жазып алуы тиіс (Мысалы: «Қазақтың қанында да күй ойнайды», «Домбыра-бабаларымыздың мұңы», «Домбыра-даланың үні», «Домбыра қуанышта да, қайғыда да үнсіз қалып көрмеген/Ата-бабаларымыз қуанышын да, қайғысын да домбырамен бөліскен» т.б.). Жекелеген оқушылар қандай сөйлемдер жазып алғандары туралы сыныппен бөліседі. Мұғалім сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау мақсатында сөйлем мазмұнына қатысты жетелеуші/ой қозғау сұрақтарын қояды. Сабақ тақырыбын болжауға әкеледі. (Әннің мәтінін ұсына отырып, бірге орындауға болады) Жетелеуші сұрақтар қойылады: - Өзің ол туралы не ойлайсың? - Сен оны ... қалай түсінесің? - ... қатысты не айтар едің? - Сабақтағы әңгімеміздің тақырыбы не туралы болуы мүмкін? - Тақырыпқа қатысты не айтар едің? т.б.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 мин)	<p>Тыңдалым тапсырмасы. Т</p> <p>Мұғалім сыныпты 4 адамнан тұратын топтарға бөледі.</p> <p>1. Жансүгіровтің «Домбыра» өлеңінің аудионұсқасы ұсынылады. Аудиомәтін бойынша топтарға төрт түрлі тапсырма беріледі.</p> <p>Оқушылар келісе отырып, тапсырмаларды орындайды және қорытынды жауаптарын сыныпқа таныстырады.</p> <p>1-тапсырма: Өлең оқушының оқу мәнеріне, дауыс ырғағына көңіл бөле отырып, өлең оқушының дауыс ырғағы мен мәтіннің негізгі ойын байланыстырып көріңіз.</p> <p>2-тапсырма: Ақын домбыраның үні қаншалықты сан алуан, күшті екенін қалай бере алған? Ақын бейнелеуінен мысалдар келтіріңіз.</p> <p>3-тапсырма: «Тіл жоқ деуге бола ма, Тілден анық үн барда» және «Домбыраның күші мол, Көмейінде күй барда» деген өлең жолдарының мағынасын ашыңыз.</p> <p>4-тапсырма: Мәтінді мұқият тыңдай отырып, шығармадан тілдік қолданысқа жаңа сөздер мен сөз тіркестерін ұсыныңыз</p> <p>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.</p> <p>Ж Оқушылар мұғалім ұсынған тапсырманы алып, тыңдалым мәтіні бойынша берілген тапсырмалар мен сұрақтарға өз беттерімен жауап береді.</p> <p>1-тапсырма. Қажетті сөзді жазыңыз. «Екі желі, үш қазық, Тоғыз ноқта»</p> <p>Қажеттісөздер: сарқыра, аруана, домбыра</p>	
Сабақтың соңы (7 мин)	<p>Бағалау критерийі</p> <p>Бағалау дескрипторы: Шығарманың негізгі ойын анықтайды негізгі ойын байланыстырады Шығарманың негізгі идеясын ажыратады;</p> <p>Шығармадағы детальды ақпараттарды талдайды;</p> <p>Шығармадағы детальды ақпараттарға мысал келтіреді. Шығарманың негізгі идеясын ажыратады;</p>	
Рефлексия (2 мин)	<p>Жетелеуші сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Неге дәл осындай мағыналық құрылымдарға бөлдіңіз? - Сіздің сыныптастарыңыз қандай мәліметті сәтті қолданды немесе нені назардан тыс қалдырды деп ойлайсыз? - Шығарма оқырманға қалай әсер етеді? Оқырман қандай шешімге келуі тиіс деп ойлайсыз? т.б. 	